# Банктік емес сектордың 2013 жылғы 1 сәуірдегі ағымдағы жағдайы

2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 11 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық ұйым жұмыс істеп отыр.

| № | Ұйымдардың атауы | 01.01.2013 | 01.04.2013 |
|---|---|---|---|
| 1 | Ипотекалық ұйымдар | 3 | 3 |
| 2 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар, оның ішінде | 8 | 8 |
| | брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар | - | - |
| | **Жиынтығы** | **11** | **11** |

## Ипотекалық ұйымдар

**Активтер**. 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 93,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 16,4 млрд. теңгеге немесе 14,9%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар 59,9%-ды (53,3 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 25,0% (23,4 млрд. теңге), банктердегі ағымдағы шоттарға – 1,3% (1,2 млрд. теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдарға – 12,1% (11,3 млрд. теңге) келіп отыр.

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.2013 | | 01.04.2013 | | Өсім, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | жиынтығына %-бен | млрд. теңге | жиынтығына %-бен | |
| Ақша | 0,1 | 0,1 | 0,1 | 0,1 | 0,0 |
| Ағымдағы шоттар | 0,4 | 0,4 | 1,2 | 1,3 | 3 есе |
| Бағалы қағаздар | 23,6 | 21,4 | 23,4 | 25,0 | -0,8 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 26,5 | 24,1 | 11,3 | 12,1 | -57,4 |
| Клиенттерге берілген қарыздар | 55,4 | 50,3 | 53,3 | 56,9 | -3,8 |
| Негізгі қаражат және материалдық емес активтер | 3,0 | 2,7 | 3,2 | 3,4 | 6,7 |
| Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар) | -3,7 | -3,4 | -4,0 | -4,3 | 8,1 |
| Басқа активтер | 4,8 | 4,4 | 5,2 | 5,5 | 8,3 |
| **Активтердің барлығы** | **110,1** | **100** | **93,7** | **100,0** | **-14,9** |

**Кредиттік портфель**. 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 53,3 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылдың басындағы көрсеткіштен 2,1 млрд. теңгеге немесе 3,8%-ға төмен.

Стандартты кредиттер үлесі есепті күні 84,1% болды. Күмәнді және үмітсіз қарыздардың үлесі 4,0%-дан 6,9%-ға және 7,9%-дан 9,0%-ға тиісінше көбейді.

2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ие болды – 98,69%.

| Несие портфелі сапасының динамикасы | 01.01.2013 | | 01.04.2013 | |
|---|---|---|---|---|
| | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығын а %-бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығын а %-бен |
| **Несие портфельдің барлығы** | **55,4** | **100** | **53,3** | **100,0** |
| **Стандартты** | **48,8** | **88,1** | **44,8** | **84,1** |
| **Күмәнді** | **2,2** | **4,0** | **3,7** | **6,9** |
| ***1-санатты күмәнді* –** төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 0,7 | 1,3 | 2,2 | 4,1 |
| ***2-санатты күмәнді* –** төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 0,5 | 0,9 | 0,5 | 0,9 |
| ***3-санатты күмәнді* –**төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 0,1 | 0,2 | 0,2 | 0,4 |
| ***4-санатты күмәнді* -** төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 0,6 | 1,1 | 0,5 | 0,9 |
| ***5-санатты күмәнді*** | 0,3 | 0,5 | 0,3 | 0,6 |
| **Үмітсіз** | **4,4** | **7,9** | **4,8** | **9,0** |

**Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы (млрд. теңге)**




**Міндеттемелер**. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2013 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 12,1 млрд. теңгеге немесе 14%-ға азайып, 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 74,3 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар көп (68,5%).

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.2013 | | 01.04.2013 | | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | жиынтығы на %-бен | млрд. теңге | жиынтығы на %-бен | |
| Алынған қарыздар | 30,5 | 35,3 | 17,3 | 23,3 | -43,3 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 50,5 | 58,5 | 50,9 | 68,5 | 0,8 |
| Басқа кредиторлар | 0,2 | 0,2 | 0,2 | 0,3 | 0,0 |
| Басқа міндеттемелер | 5,2 | 6,0 | 5,9 | 7,9 | 13,5 |
| **Міндеттемелердің барлығы** | **86,4** | **100** | **74,3** | **100** | **-14,0** |

**Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы**

01.01.2013




01.04.2013




## Капитал

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 19,4 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылғы 1 сәуірдегі көрсеткіштен 4,3 млрд. теңгеге аз.

2013 жылдың басынан бастап есептік меншікті капитал 4 млрд. теңгеге азайып, 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 20,4 млрд. теңге болды.

| Меншікті капиталдың жеткіліктілігі | 01.01.2013 | 01.04.2013 |
|---|---|---|
| Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млрд. теңгемен | 35,2 | 35,2 |
| Есептелген меншікті капитал, млрд. теңгемен | 24,4 | 20,4 |
| Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1>=0,06) | 0,208 | 0,21 |
| Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1-2>=0,06) | 0,241 | 0,253 |
| Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k1-3>=0,12) | 0,258 | 0,264 |

**Кірістілік**. Ипотекалық ұйымдар 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 4,3 млрд. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 2 млрд. теңге (2012 жылғы 1 сәуірде – 2,8 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 6,2 млрд. теңге (2012 жылғы 1 сәуірде – 3 млрд. теңге) болды.

| Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен | 01.04.2012 | 01.04.2013 | Өсімі, %-бен |
|---|---|---|---|
| Сыйақы алумен байланысты кірістер | 2,0 | 1,8 | -10,0% |
| Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар | 2,3 | 2,0 | -13,0% |
| Сыйақы алумен байланысты емес кірістер | 0,8 | 0,2 | -75,0% |
| Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар | 0,7 | 4,2 | 6,0 есе |

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (66,8% немесе 1,2 млрд. теңге), ал пайыздық шығыстар құрылымында – банк қызметінен басқа да шығыстар (88,2% немесе 3,7 млрд. теңге) біршама көп үлес алады.

**Ипотекалық ұйымдардың кірістері (шығыстары), млрд. теңгемен**




## Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

**Активтер**. 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) жиынтық активтері 2013 жылғы 1 сәуірдегі деректермен салыстырғанда 0,8 %-ға азайып, 553,3 млрд. теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің құрылымында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар – 27,6% (154,2 млрд. теңгені), дебиторлық берешек – 16,5% (92,4 млрд. теңгені), ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары – 7,6% (42,6 млрд. теңгені) құрайды.

| Жиынтық активтердің құрылымы млрд. теңгемен | 01.01.2013 | жиынтығына %-бен | 01.04.2013 | жиынтығына %-бен | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| **Активтер, оның ішінде:** | **559,5** | **100** | **553,3** | **100** | **-0,8%** |
| Ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері | 42,6 | 7,6 | 50,8 | 9,2 | 19,2 |
| Орналастырылған салымдар | 5,6 | 1,0 | 4,1 | 0,7 | -26,8 |
| Бағалы қағаздар | 9,2 | 1,6 | 9,2 | 1,7 | 0,0 |
| Берілген қарыздар | 154,2 | 27,6 | 166,5 | 30,0 | 8,0 |
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш | 22,3 | 4,0 | 23,0 | 4,1 | 3,1 |
| Дебиторлық берешек | 92,4 | 16,5 | 83,8 | 15,1 | -9,3 |
| Басқа активтер | 233,2 | 41,7 | 217,9 | 39,2 | -6,6 |

**Міндеттемелер**. Банктік емес ұйымның есепті күнгі міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 2%-ға азайып, 305,3 млрд. теңге болды. Ұйымдардың міндеттемелері құрылымында ең көп үлеске алынған қарыздар ие – 67,8%.

| Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млрд. теңгемен | 01.01.2013 | жиынтығына %-бен | 01.04.2013 | жиынтығына %-бен | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| **Міндеттемелер, оның ішінде:** | **311,4** | **100** | **305,3** | **100** | **-2,0** |
| Тартылған салымдар | 16,1 | 5,2 | 18,8 | 6,2 | 16,8 |
| Алынған қарыздар | 187,5 | 60,2 | 207,0 | 67,8 | 10,4 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 72,4 | 23,2 | 49,4 | 16,2 | -31,8 |
| Кредиторлық берешек | 13,6 | 4,4 | 14,4 | 4,7 | 5,9 |
| Басқа міндеттемелер | 21,8 | 7,0 | 15,7 | 5,1 | -28,0 |

**Кредиттік портфель**. 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жиынтықты несие портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 58,9%, күмәнді – 25,0% және үмітсіз – 16,1% болады, ал 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 63,9%, күмәнді – 19,5%, үмітсіз – 16,6% болған.

**Капитал**. 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың капиталдарының жиынтықты көлемі 2013 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 1,8 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға көбейіп, 249,9 млрд. теңгені құрады.

(млрд. теңге)

| | 01.01.2013 | жиынтығына %-бен | 01.04.2013 | жиынтығына %-бен | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| **Капитал** | **248,1** | **-** | **249,9** | **-** | **0,7** |
| Жарғылық капитал | 226,1 | 91,1 | 228,9 | 91,6 | 1,2 |
| Бөлінбеген пайда (орны толтырылмаған шығын) | -3,5 | - | -18,2 | - | - |